

Сарыағаш қаласы Халықтар достығы көшесіне шектеу іс-шараларын енгізе отырып карантин аймағының ветеринариялық режимін белгілеу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданы Сарыағаш қаласы әкімінің 2013 жылғы 22 мамырдағы № 77 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментімен 2013 жылғы 24 мамырда № 2292 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданы Сарыағаш қаласы әкімінің 2013 жылғы 24 қазандағы № 168 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданы Сарыағаш қаласы әкімінің 24.10.2013 № 168 шешімімен.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы, «Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңдарына сәйкес және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрілігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Оңтүстік Қазақстан аумақтық инспекциясының Сарыағаш аудандық аумақтық инспекциясы бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2013 жылғы 15 наурыздағы № 02-17/73 ұсынысы негізінде және жануарлардың жұқпалы ауруларының ошақтарын жою мақсатында **ШЕШІМ ЕТЕМІН:**

1. Сарыағаш қаласы Халықтар достығы № 4 үй тұрғыны Д. Айымбетовтың ітінде құтыру ауруы пайда болуына байланысты, Сарыағаш қаласы Халықтар достығы көшесіне шектеу іс-шараларын енгізе отырып карантин аймағының ветеринариялық режимі белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Сарыағаш қаласы әкімінің орынбасары Б. Ерменовке жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сарыағаш қаласының әкімі

А. Ешанқұл

